



# ӨЗЕН

№9 (30) ТАМЫЗ 2018 Ж. | «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



## Мемлекет басшысы Н.НАЗАРБАЕВ Ембіге болды

23 тамыз күні Атырау облысына жұмыс сапары аясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесіне келді. Бұл Ембі үшін ерекше күн болды. Өйткені, осыдан 23 жыл бұрын Мемлекет басшысы «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ашылу салтанатына қатысқан еді. Міне, ширек ғасырға жуық уақыттан соң Мемлекет басшысы қазақ мұнайының қара шаңырағына аяқ басты.

Сапар барысында ел Президенті компанияның өндірістік үдерістерді қадағалау орталығының жұмысымен танысты. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Құрманғазы Есқазиев Мемлекет басшысына Интеллектуалды кен орнының жүйесін егжей-тегжейлі таныстырып, бұл жобаның нақты уақыт режимінде өнеркәсіп нысандарынан түсетін ауқымды мәліметтерді өңдеуге, шұғыл шешім қабылдау мақсатымен оларға әрі қарай талдау жасауға, сондай-ақ, кен орындарындағы өндіру үдерісін жақсартуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев кен орындарына цифрландыру элементтерін енгізудің арқасында еңбек өнімділігі артып, құрылғыларды жөндеу мерзімінің және бірін-бірі қайталайтын құрылымдардың қысқарғанын айтып, түпкі нәтиженің пайдасы бастапқы шығыннан екі есе және одан да көбірек болатынын атап өтті.

– Мұнай өндірудің қазіргі әдістерімен ғана шектелмей, заманауи тәсілдерді де қолдану қажет. Ең алдымен, қызметкерлерді озық технологиялармен жұмыс істей білуге үйрету керек, – деп тапсырды ел Президенті.

Сонымен қатар ЕМГ кеңсесінде «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Ахметжан Есімов Мемлекет басшысына «Ұлттық индустриялық мұнай химиясы технопаркі» арнайы экономикалық аймағы қызметінің негізгі нәтижелері туралы баяндады.

Бұған қоса Мемлекет басшысына Атырау қаласы инженерлік желісінің электронды сызбаларына, ауыл шаруашылығына арналған жерлерге, кең таралған пайдалы қазбалар орындарына және өңірдегі жерлерді пайдалану шарттарына, сондай-ақ, мемлекеттік қызметке электронды форматта тапсырыс беруге немесе мемлекеттік органға өтініш жолдауға онлайн-мониторинг жасау үшін мүмкіндік туғызатын Атырау облысының геоақпараттық порталының жұмысы таныстырылды.

Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев аталған электронды ресурстың енгізілуі өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға, бизнес-процесті автоматтандыруға, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсартуға, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық қатерін және жерді пайдалану шарттарының бұзылуын азайтуға мүмкіндік беретінін айтты.

### Компания тарихы үшін ерек күн

«Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы 95 жылдық тарихы бар компаниямызға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы келгеніне дән риза.

Компания соңғы жылдары Мемлекет басшысының тапсырмасына сай өндіріске жаңа технологиялар мен жобаларды енгізіп келеді. Қазіргі заман талабына сай мұнай-газ саласын цифрландыру уақыт күттірмейтін өзекті мәселе екені белгілі. Осы орайда, геологиялық барлау, мұнай-газ кен орындарын эзирлеу жұмыстарын жүргізу, мұнай мен газды өндіру, дайындау қызметтерімен айналысатын «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы соңғы жылдары кен алаңдарын цифрландыру бағытындағы жұмыстарға ерекше назар аударып отыр. Өндірістің тиімділігін арттыру, жаңа технологияларды енгізу, оңтайландыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп, бизнесті дамыту үшін бірқатар жобалар жүзеге асырылды.

2016 жылы өндіріс шығындарын оңтайландыру және еңбек өнімділігін арттыру мақсатында «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы пилоттық тәртіпте Уаз кен алаңында іске қосылып, бүгінде өз тиімділігін дәлелдеп үлгерді. Мемлекет басшысын бұл жобада, әсіресе, жаңа технологиялардың тиімділігі қызықтырды. Айқын нәтиженің бірі – электр энергиясын үнемдеу 35 пайыздан жоғары көрсеткішке жетті. Ұңғымалар қорын пайдалануды үдету арқылы қосымша мұнай өндіру көлемі артты. Жерасты жөндеу жұмыстарының көлемі қысқарып, әр ұңғымадағы мұнай өндіру есебі бірыңғайланды. Сонымен қатар өндірістік қауіпсіздікті арттыруға қол жеткіздік. Мұның барлығы жоба іске қосылғаннан бергі 2-3 жыл ішінде инвестицияны қайтаруға мүмкіндік береді.

Ұңғымалар параметрлері онлайн-режимінде мұнай-газ өндіру басқармаларындағы диспетчерлік бөлімге және ЕМГ өндірістік процестерді қадағалау орталығына жіберіледі. Келіп түскен ақпарат осы жерден сарапталып, соның негізінде ұзақмерзімді жоспарлар құрылады.

**Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ,**  
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы.

### Елбасы үлкен міндеттер жүктеді

Қазақ мұнайының бастауында тұрған 95 жылдық тарихы бар «Ембімұнайгаз» АҚ-на Президентіміздің келуі – ембілік мұнайшылар үшін үлкен мәртебе.

Мемлекет басшысы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Интеллектуалды кен алаңы жобасын жоғары бағалады. Аталған теңдесі жоқ жобаның көмегімен 24 сағат бойы үзіліссіз жүздеген шақырым қашықтықта орналасқан кен орнын онлайн-режимде бақылауға болады. Мәселен, аяқ астынан ұңғыма жұмысы тұрып қалуы мүмкін. Сол уақытта біз осы жерден тез арада бақылауға алып, тапсырма беріп, ұңғыманы қоса аламыз.

Соңғы технологияларды атыраулықтар инженерлік жүйеде ұтымды пайдаланып жүр. Елбасы геопортал арқылы ауыл шаруашылық, табиғи пайдалы қазбаларды өндіру сынды салалардағы жұмыс барысын онлайн бақылап, электрондық форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтермен танысты.

2017 жылы компанияға қарасты Прорва кен алаңдары тобына таратылды. Ал, биыл бұл бағдарлама «Жайықмұнайгаз» бен «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының кен алаңдарында іске асырылуда.

Игілікті істің заңды жалғасы ретінде «Ембімұнайгаз» АҚ 2023 жылға дейінгі «Интеллектуалды кен алаңы» тұжырымдамасында 11 кен алаңын сандық жүйеге көшіруді жоспарлап отыр.

**Абат ҚҰТЖАНОВ,**  
«Ембімұнайгаз» АҚ өндіріс жөніндегі басқарушы директоры.



## ТАҒАЙЫНДАУ



Осы жылдың 13 тамызындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның №399-л бұйрығына сәйкес Бақыт Алтайұлы Иманбаев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Маңғыстаумұнайгаз және Өзенмұнайгаз жөніндегі басқарушы директоры болып тағайындалды. Сонымен қатар «Өзенмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің осы жылдың 15 тамыздағы шешімімен Б.Иманбаев «Өзенмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды. Айта кету керек, Бақыт Алтайұлы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры қызметін қоса атқарады.

## Өмірдерек

Бақыт Иманбаев Қазақ политехникалық университетін, Ақтау мемлекеттік университетін, Қазақ ұлттық университетін тәмамдаған. Еңбек жолын «Маңғыстау мұнай барлау» кешенді экспедициясының бұрғышысы болып бастады. «Мангышлак-нефть» өндірістік бірлестігінде мұнай және газ өндіру операторы, «Маңғыстаумұнайгаз» ААҚ-да мұнай және газ өндіру операторы, шебері, технологы, цех бастығы, диспетчерлік қызметтің басшысы, өндірістік басқарманың басшысы болып жұмыс істеді. Одан кейін «Жалғызтөбемұнай» ЖШС бас директорының орынбасары, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС техникалық директоры, «ҚазМұнайТеніз» ТМК АҚ филиалының директоры, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, бас директорының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.



15 тамыз «Өзенмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің №041 шешімі негізінде Бекзат Қылышбекұлы Абайылданов басқа жұмысқа ауысуына байланысты Компанияның басқарма төрағасы (бас директоры) лауазымынан босатылды. 2018 жылы 16 тамыздан бастап «Өзенмұнайгаз» АҚ басқарма төрағасы (бас директоры) қызметіне Жәнібек Қайырбекұлы Нұғманов тағайындалды.

Жәнібек Нұғмановты «Өзенмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Бақыт Иманбаев ұжымға таныстырып, Бекзат Абайылдановқа атқарған жұмысы мен компанияның дамуына қосқан сүбелі үлесі үшін алғысын білдірді.

## Өмірдерек

Жәнібек Нұғманов бұл қызметке дейін «ҚазМұнайГаз» ӨБТ ҒЗИ» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары болып жұмыс істеді. Жәнібек Қайырбекұлы Ақтау университетін «тау-кен инженер мұнайшысы» мамандығы бойынша, Еуразия ұлттық университетін «экономика бакалавры» мамандығы бойынша бітірді. Еңбек жолын «Өзенмұнайгаз» ӨФ-ның ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы болып бастап, осы кәсіпорында мұнай-газ басқармасы директорының орынбасарына дейін өсті. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ, «ҚазМұнайТеніз» ТМК АҚ, «Каспий Инжиниринг» ЖШС, «АТК фирмасы» ЖШС-де жауапты, басшылық буындарда қызмет атқарған.

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді төл мерекеміз – Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Өзен кенорнының игерілгеніне 50 жылдан аса уақыт өтті. Осы аралықта Өзен кенорны даңғыл жолға түсті, даңқы артты, дамудың үлкен белестерін бағындырды. Ірі өндірістік жобалардың іске асуы, мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерінің шешілуі және өзге де сан салалы күрделі жұмыстардың жүйелі түрде жүзеге асуы – үлкен ұжымның ілгері қадам басуына ықпалдасып келеді. Ал өркендеу мен өрге шығудың түпкі жетекші күші - мұнайшылардың ерен еңбегі, адал ниеті мен маңдай тері. Сондықтан мұнайшының мәртебесі мен мехнатты еңбегіне қашанда құрметпен қараймыз.

Кәсіби мерекеміздің қарсаңында Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге үлкен жетістіктер мен мол табыстар тілеймін. Ырысымыз тасысын, ынтымағымыз артсын, абыройымыз биік болсын!

Мереке құтты болсын!

Құрметпен, Жәнібек НҰҒМАНОВ,  
«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры.





## МҰНАЙШЫЛАР күніне арналған

## САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ӨТТІ

27 ТАМЫЗ КҮНІ «МҰНАЙШЫ» МӘДЕНИЕТ САРАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІНЕ ОРАЙ САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ӨТТІ. ШАРАҒА ӨЗЕН КЕНОРНЫН ИГЕРУГЕ АТСАЛЫСЫП ЖҮРГЕН ЖҰМЫСШЫЛАР, АРДАГЕР-МҰНАЙШЫЛАР, ҚАЛА БЕЛСЕНДІЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

**Ж**иналғандарды алдымен Жаңаөзен қаласының әкімі Ә.Дауылбаев құттықтады. Ол өз сөзінде «Мұнай-газ саласының мамандары, ардагерлері, Сіздердің қаланы көркейту жолындағы істеріңіз бен даңқты еңбектеріңіз қай кезде де жас буынға ұран және Отанға деген шексіз сүйіспеншілік, патриотизмнің өлшеусіз үлгі-өнегесі» дей келе, қаланың өркендеуіне қосып жатқан үлестеріне алғысын білдіріп, кәсіби мерекемен құттықтады.

Өз кезегінде «Өзен-мұнайгаз» АҚ бас директоры Ж.Нұғманов: «Құрметті Өзен мұнайшылары, қадірлі әріптестер мен ардақты мұнай саласының ардагерлері! Қазақстанның басты байлығын халық



игілігіне айналдыруда аянбай тер төгіп келе жатқан мұнайшылар қауымының қиын еңбегі қашан да құрметке лайық. Өзен кенорнының мұнайы 50 жылдан астам уақыт игерілуде. Осы аралықта кенорнын аяққа тұрғызу мен дамыту, жас мұнайшылар легін тәрбиелеуде ауқымды жұмыстар жүргізілді. Саланың дамуы-

на және өркендеуіне үлес қосып келе жатқан Сіздердің ерен еңбектеріңізді халық ұмытпайды. Алда мұнай-газ кешенін одан әрі дамыту үшін жаңа

міндеттер күтіп тұр. Сол табысты жолға бірге жетуде әлі тер төгу керек. Мереке құтты болсын!» – деді.

Шара барысында мұнай-газ саласының дамуына қосқан сүбелі үлесі үшін майталман мамандар марапатталды. Мұнайшыларға ҚР Энергетика министрінің төс белгісі, облыс әкімі Е.Тоғжановтың, Жаңаөзен қаласының әкімі Ә.Дауылбаевтың «Алғыс хаты» және «Құрмет грамотасы» табысталды. Сондай бірқатар мұнайшы «НұрОтан» партиясы Орталық аппаратының «Алғыс хатымен» және «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ Естелік белгісімен марапатталды.

Мерекелік шараны республикаға танымал өнер жұлдызы Ғаділбек Жаңай мен жергілікті өнерпаздар әсем ән, мың бұралған бимен өрнектеді.

## Бағдарламаны іске асыру барысы түсіндірілді

2018 жылғы тамыздың 22-24 күндері «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Дәурен Қарабаев пен Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервистері жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев Жаңаөзен қаласында «ӨзенмұнайГаз» АҚ-ның АКТ залында еңбек ұжымымен және Атырау қаласында «ЕмбімұнайГаз» АҚ-ның кеңсесінде акционерлермен, ардагер-мұнайшылармен кездесіп, артықшылықты акцияларды қайта сатып алу бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



**АКЦИЯЛАРДЫ ҚАЙТА САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ЖАДЫНАМА**  
**ПАМЯТКА ПО ОБРАТНОМУ ВЫКУПУ АКЦИЙ**

- 1** ҚМГ БӨ АҚ-ның артықшылықты акцияларын сатуға шешім қабылдады. Принимайте решение по покупке привилегированных акций АО РД КМГ.
- 2** Брокерге шот ашу үшін Брокермен («Казпошта» АҚ немесе кез келген бесік брокерлік компания) келісімшарт жасайыз. Заключите договор с Брокером (АО «Казпошта» либо любая другая брокерская компания) для открытия брокерского счета.
- 3** «Казпошта» АҚ трансфер агентіне («Трансфер агенті» жеңіл және акцияларды шығаруға жағдайларды бұйрық беріңіз). Обратитесь к Трансфер агенту АО «Казпошта» в городском, где нет офиса регистратора и подайте приказ на списание акций.
- 4** Брокерге жүгініп, акцияларды есепке алуға бұйрық беріңіз. Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на зачисление акций.
- 5** Брокерге жүгініп және артықшылықты акцияларды барлау және өндірушілермен сауда-саттықтарда сатуға (артықшылықты акцияларды брокерлік шотқа есептеумен келіп) бұйрық беріңіз. Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на списание привилегированных акций с вашего брокерского счета. После зачисления привилегированных акций на брокерский счет.
- 6** Брокерге жүгініп, акция қаражатын есептеуге клиент трансференс беріңіз (ҚМГ БӨ АҚ есеб-айырымдары етпестеніп асыды). Обратитесь к Брокеру и подайте поручение клиента на зачисление денежных средств (бюллетень проведения расчетов АО РД КМГ).

**БАЙЛАНЫСТАР**  
Арттықшылықты акцияларды сатуға шешім қабылдаған «Казпошта» АҚ-ның иегерісісі басшылары тізімі:

- Ақпарат: Алматы қ. а. 8 (7722) 79-41-48
- Басқару: Алматы қ. а. 8 (7722) 79-41-48
- Ақпарат: Алматы қ. а. 8 (7722) 79-41-48
- Ақпарат: Алматы қ. а. 8 (7722) 79-41-48
- Ақпарат: Алматы қ. а. 8 (7722) 79-41-48
- Ақпарат: Алматы қ. а. 8 (7722) 79-41-48

**КОНТАКТЫ**  
Сіздің несиетіңізді қалаймыз, қалаймыз, өткізіңіз және өзгертіңіз для продажи привилегированных акций

- Ақпарат: Алматы қ. а. 8 (7722) 79-41-48
- Ақпарат: Алматы қ. а. 8 (7722) 79-41-48
- Ақпарат: Алматы қ. а. 8 (7722) 79-41-48
- Ақпарат: Алматы қ. а. 8 (7722) 79-41-48
- Ақпарат: Алматы қ. а. 8 (7722) 79-41-48
- Ақпарат: Алматы қ. а. 8 (7722) 79-41-48

Акция – компания пайдасының бір бөлігін дивиденд түрінде алуға құқық беретін құнды қағаз. Кез келген компания табысты қызмет ету үшін қаражат тартуды көздейді. Ал, қаражат тартудың бір жолы – акцияларды сатылымға шығару. 2004 жылдың сәуір айында «ЕмбімұнайГаз» АҚ мен «ӨзенмұнайГаз» АҚ қосылуының нәтижесінде құрылған «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ 2006 жылдың қыркүйегінде IPO Лондон қор биржасына өз акциясын сатылымға шығарды. Әлем елдеріне кең танылған Лондон қор биржасына акциясын орналастырған төрт қазақстандық компанияның бірі – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ осы арқылы 2 миллиард доллардан астам қаражат тартқан болатын. Ол қаражат өндірісті дамытуға, жаңа кен орындарын игеруге жұмсалды. Ал, бүгінгі таңда «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы ара-

сында интеграция процесі жүріп жатыр. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасарлары Дәурен Қарабаев пен Құрманғазы Есқазиев акцияны сатып алу құнды қағаз иелері мен компания үшін тиімді екеніне баса мән бере отырып, бұл жұмыстың орындалу жолдарын жиналғандарға жан-жақты түсіндірді. Мұнайшылар тарапынан сауалдар көп болды. Жалпы, компания акциялары жай акция, артықшылықты акция деп екі түрге бөлінеді. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акциясы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ға неге берілмейді?» деген сауалға да тұщымды жауап берілді. Сатылымға шығатын бір акцияның құны 12 800 теңге көлемінде бағаланған. Атап өту керек, бағдарламаға қатысу ерікті түрде жүреді. Жалпы артықшылықты акцияларды сату 2018 жылдың 13 тамызынан бастап 15 қарашаға дейінгі аралықта жүзеге асады.

## ҚМГ БӨ өзінің артықшылықты акцияларын KASE-те сатып алу бағдарламасы жарияланды

**КОМПАНИЯ «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОР БИРЖАСЫ» АҚ-ТА («KASE») 1 905 209 АКЦИЯҒА ДЕЙІНГІ САНДА (Яғни, еркін айналымдағы компанияның артықшылықты акциялардың 100%-не дейін) артықшылықты акцияларды 2018 жылғы 10 тамыз жағдай бойынша 10 292 (он мың екі жүз тоқсан екі) теңгеге тең артықшылықты акциялардың бағасымен 30 күн бұрын мөлшері бойынша орташа өлшемді бағаға қатысты 24,4%-ті құрайтын 12 800 (он екі мың сегіз жүз) теңге бағасымен кері сатып алу бағдарламасын іске асыруға ниетті. Артықшылықты акцияларды сатып алу 2018 жылғы 13 тамыздан бастап 16 қарашаға дейінгі кезеңде жүзеге асырылатын болады.**

Компанияның артықшылықты акцияларын сатып алу туралы шешім миноритарлық акционерлердің мүдделерін қамтамасыз ету және Компанияның одан әрі көзделген жоспарларына байланысты, оларға өздеріне тиесілі акцияларды сату мүмкіндігін беру мақсатында қабылданды. Атап айтқанда, осы шешім «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компания акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚМГ ҰК») операциялық активтерді басқарудың екі деңгейлі жүйесіне көшу жоспарларына байланысты болып

отыр, оған сәйкес ҚМГ ҰК өндіруші және мұнай-сервис компанияларын тікелей басқарады. Осындай бизнес тәсілді іске асыру болашақта, дербес шаруашылық жүргізетін субъект ретінде, Компанияның қызметін тоқтатуды қажет етеді. Бұған дейін Компанияның көптеген ауқымды депозитарийлік қолхаттары (бұдан әрі – «АДҚ») мен жай акцияларын ұстаушылар Компанияның жай акциялары мен АДҚ сатып алу туралы ұсынысты қабылдады, соның нәтижесінде ҚМГ ҰК айналымдағы Компанияның барлық акцияларының 95,4%-не ие болды. Артықшылықты акцияларды сатып алу бағдарламасының талаптары мен егжей-тегжейі төменде көрсетілген:

- **акциялардың түрлері:** Компанияның артықшылықты акциялары (KZ1P51460114 (KZ000A0RMTС3));
- **сатып алынатын акциялардың саны:** артықшылықты акциялардың 1 905 209 данасына дейін (яғни, еркін айналымдағы «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ артықшылықты акциялардың 100%-не дейін);
- **сатып алу бағасы:** бір артықшылықты акция үшін 12 800 (он екі мың сегіз жүз) теңге, бұл 2018 жылғы 10 тамыз жағдай бойынша 10 292 (он мың екі жүз тоқсан екі) теңгеге тең артықшылықты акциялардың бағасымен 30 күн бұрын мөлшері бойынша орташа өлшемді бағаға қатысты 24,4%-ті құрайды;
- **сатып алу мерзімі:** артықшылықты акцияларды

сатып алу 2018 жылдың 13 тамызынан бастап 16 қарашасына дейінгі кезеңде жүзеге асырылатын болады. Акцияларды сатуға арналған өтініштер (клиенттік өтінімдер) қабылдаудың түпкілікті күні – 2018 жылғы 15 қарашада сағат 17:00-ден (Алматы уақыты бойынша) кешіктірілмей берілуі тиіс;

- **сатып алу шарттары:** артықшылықты акцияларды сатып алу, ашық сауда-саттық әдісі қолданылып, сатып алудың көрсетілген мерзімі ішінде айына екі рет «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-та жүзеге асырылатын болады.

Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ осымен, Директорлар кеңесі 2018 жылғы 10 тамызда қабылдаған Компанияның артықшылықты акцияларын бекітілген сатып алу бағдарламасына сәйкес сатып алу туралы шешімі Қоғамның орналастырылған артықшылықты акцияларын сатып алу жөніндегі өзара байланысты мәмілелер жиынтығы болып табылатын ірі мәміле жасасу туралы шешім болып табылатынын, оның нәтижесінде Қоғам орналастырылған бір түрдегі бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес және одан да көп пайызы мөлшеріндегі орналастырылған өз бағалы қағаздарын сатып ала алатыны туралы хабарлайды. Осы хабарландыру «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңның 70-бабының 1-тармағы 26-бабының 4-тармағы мен 70-бабының 1-тармағына сәйкес дайындалды.



## ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДЫҚТАР ЕМБІМҰНАЙГАЗҒА БАРДЫ



**«Өзенмұнайгаз» АҚ Аппарат басшысы Бауыржан Мамбетсапаев бастаған бір топ компания өкілдері Атыраудағы «Ембімұнайгаз» АҚ-ға барды. Делегация құрамында Жұртшылықпен байланыс департаменті директоры Әділ Сүйебай, Сапа және Төуекелділіктерді басқару қызметі жетекшісі Амантай Смадинов, Кеңсе меңгерушісі Ғалия Серікбаева, 1-категориялы құжат жүргізушісі Гүлзира Дәрменова, Аймақтық және іздеу геология департаментінің аға геологы Айжан Ғабасова, Күрделі құрылыс департаментінің жоба және смета жасақтау тобының жетекшісі Ерболат Қабдықайыров болды.**



**М**ақсат – «Өзенмұнайгаз» компаниясының келер жылы аталып өтілетін 55 жылдық мерейтойы аясында жаңа нысандар ашу бағытында болды. Атап айтар болсақ, жарты ғасырдан астам тарихы бар Өзен кенорнының игерілуі бойынша құжаттардың мұрағатта сақталуының әлі күнге электронды нұсқаға өтпегендігі, сондай-ақ 50 жылдан астам тарихы бар мұнай мекемесінің жеке мұражайының болмауы түрткі болған. Сапар барысында «Ембімұнайгаздың» электронды архиві мен интерактивті музейін тамашалап, мамандармен жұмыс ұйымдастыру бойынша пікірлесті.

«Ембімұнайгаз» АҚ электронды мұрағаты мен мұражайын жасақтап, жүйеге түсірген еліміздегі бірден-бір компания. Архив әр мекеменің ішінде заманауи бағытта жасақталған болса, кез-келген құжатты табу қиынға соқпайды. Уақытылы орналастыруға да ыңғайлы. Жалпы түптеп келгенде архив арқылы жұмыс өнімділігін арттырып, бір көзден алу мүмкіндігі туады», – дейді Аппарат басшысы Бауыржан Мамбетсапаев.

– Мәселен өткен ғасырдың 70-жылдары компанияда жұмыс жасап кеткен зейнеткердің сол жылдары алған жалақысын анықтау сияқты ұсақ-түйек ақпарат дайындау үшін бізге 10 күн қажет болса, заманауи технологиямен жабдықталған ембіліктер үшін 10-ақ минут қажет болып тұр. Бұл аталған жобаның

аса тиімді әрі маңызды екендігін дәлелдеп тұр емес пе?! – дейді Кеңсе меңгерушісі Ғалия Серікбаева.

Шындығында да, архив мекеме тарихындағы деректік құжаттар сақталатын алтын қазына болар еді. Онда компанияның өткен құнды деректері сақталып, өткен кезеңнің айнасына айналары анық. Мұрағатта әр жылдағы өндірістік көрсеткіштер, өзгерістер мен даму жолындағы, әлеуметтік, экономикалық бағыттағы құжаттар сақталады. Еліміздің тәуелсіздік алуымен мемлекеттің мәртебесінің өсіп өзгеруімен, саяси, экономикалық жағдайдың тұрақтанып, жақсаруымен мұрағат ісінде де біршама өзгерістер жасалынды. Ал соңғы жылдары электронды архивтің қолға алынуы замана көшіне ілесуге жағдай туғызды. Электронды архив құжаттардың тұтастығын қорғауда, олардың дұрыс сақталуын қамтамасыз етуде, құндылығын сараптап, іріктеп, бір жүйеге келтіруде, түпнұсқаларды сақтауда, сондай-ақ қажетті мәліметтердің жылдам табылуына таптырмас мүмкіндік болары анық. Келер жылы құрылғанына 55 жыл толатын компания үшін мұндай электронды мұрағаттың қажеттілігі айтпаса да түсінікті. Тарихты

түпнұсқасынан ажыратпай, құжатты құндылығынан айырмай сақтау мәселесі аса өзекті.

Ал Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры Әділ Сүйебай: «Мұраларды сақтау музейдің негізгі қызметі дейтін болсақ, компанияның музейі болса артық етпейді. Мысалы, «Өзенмұнайгаз» АҚ Жұртшылықпен байланыс департаменті 2013 жылдан бері компания туралы деректі фильмдер жасаумен айналысып келеді. Компанияның 50 жылдығына орай «Қазақфильм» АҚ-мен бірлестікте фильм түсірді. Оған қоса әр жылдары саланың азулы ардагерлері Ғазиз Әбдіразақов, Нұрлыхан Бекбосынов, Михаил Кулебякин, Оразмағанбет Тұрмағанбет, Мемлекет және қоғам қайраткері Зейнолла Алшымбаев туралы деректі фильмдер түсірді. Ардагерлердің

өмір жолын көрсету арқылы бүкіл Өзен кенорнының дамуы мен өркендеуінен көрініс берген еңбектер музейге қойылса, таптырмас құнды деректер болар еді. Музей ішінен кино зал ашып, келушілерге аталған фильмдерді 3Д плазмалық экрандардан көрсетсе игі. Сондай-ақ компанияның 50 жылдығына арналған фото-кітапты, 2017 жылдан бері шығып жатқан корпоративті газетті музейге сақтаса, көп жылғы еңбектердің бір жерден табылып, келушілер қызығатын дүниелер болар еді», – дейді.

Компанияның тарихы тереңде. Мұрағаты жүйеге салынып, музейі мыңжылдықтарды құрауына тілекші көп. Басталған игілікті жұмыстар да – соның баспалдақтары. Өзенмұнайгаздықтардың Ембіге сапарының мән-мазмұны да – осында.

"Мұнайшы" мәдениет үйінде 28 тамыз күні Жаңаөзен қаласының 50 жылдық мерейтойына орай "Елу жылда - ел жаңа" атты Республикалық жайдарман сайысы өтті. "Өзенмұнайгаз" АҚ демеушілігімен ұйымдастырылған шараға еліміздің ең жұлдызды деген 6 командасы қатысты. Атап айтар болсақ: "Байдың балдары" (Шымкент), "Фемида" (Ақтөбе), "Грант" (Орал), "Сағыз" Атырау, "Боранқұл", «Өзенмұнайгаз» (Маңғыстау).

Сайысты тамашалауға келген қала жұртшылығының көптігі соншалық, залда ине шаншыр орын болған жоқ. Жайдарман ойынының әділдігін анықтайтын қазылар алқасының құрамы да өте салмақты болды. Бокстан әлем чемпионы Ердос Жаңабегенов, айтыскер ақын Нұрлан Мұсаев, жайдарманшы Дәулет Сағынтаев, ардагер жайдарманшы Алқуат Насухаұлы және нағыз әділдікті ту еткен ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрайымы Нұргүл Жанназарованың отыруы қазылар алқасының беделін арттырды. Шара басында Жаңаөзен қаласының әкімі Әділбек Дауылбаев қала халқын мерекемен құттықтап, жалынды жастарға сәттілік тіледі. "Ұлық болсаң, кішік бол" демекші, қала әкімі сайыс соңына дейін көрермендермен бірге болып жеңімпаз команданы өзі марапаттады. 2 сағаттан астам уақыт көрермендерге күлкі сыйлаған жайдарманшылар ойын соңында төмендегідей жүлделерге қол жеткізді:

- "Фемида" - бас жүлде
- "Сағыз" - 1 - орын
- "Өзенмұнайгаз" - 2 - орын
- "Байдың балдары" - 2 - орын
- "Грант" - 3 - орын
- "Боранқұл" - 3 - орын

Арғынбек ҚАЛБАЕВ.



## ЖАЙДАРМАН

жаңаөзендіктерге жарқын күлкі сыйлады



## Төрт айда ҮЙЛІ БОЛДЫМ

**ТАМАРА ХОДЖАНАЗАРОВА – ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ РАХАТ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ. 2016 ЖЫЛЫ ЖОЛДАСЫ ӨМІРДЕН ӨТІП, 4 БАЛАМЕН ЖЕСІР ҚАЛАДЫ. БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛКЕНІ 11 ЖАСТА БОЛСА, КІШІСІ 3 ЖАСТА. «ЖЫҒЫЛҒАНҒА - ЖҰДЫРЫҚ» ДЕМЕКШІ, 2018 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗЫНДА ТОҚТАН АҚАУ ШЫҒЫП, БІР ТҮНДЕ ҮЙ ӨРТЕНІП КЕТЕДІ. БҰРЫНҒЫ БҰРЫНҒЫ МА, ТАМАРА ТӨРТ БАЛАМЕН БАСПАНАСЫЗ ҚАЛАДЫ. АМАЛЫ ҚҰРЫП КӨПШІЛІКТЕН КӨМЕК СҰРАУҒА МӘЖБҮР БОЛДЫ. ОСЫНДАЙ ҚИЫН СӘТТЕ ЖАҢАӨЗЕННІҢ ЖАНЫ ЖОМАРТ АЗАМАТТАРЫ ҚОЛ ҰШЫН СОЗАДЫ.**



«Жолдасым қайтыс болғаннан кейін әрине, оңай болған жоқ. Қайғы сейіліп, балалар да, мен де жаңа басымызды көтеріп келе жатқанда баспанамыз өртеніп кетті. Сол кездегі менің күйімді адам басына бермесін... Бірақ халық жомарт, жанашыр ғой. Жайған қолымды қайтармай, жұдырықтай жұмылып келіп көмектесіп, төрт айда үйлі болдым. Оған көптеген азаматтар қол ұшын созды. Әсіресе «Өзенмұнайгаз» компаниясының жұмысшылары, №1 СҚКБ кәсіподақ ұйымының төрағасы Тұралхан Болысов, №2 МГӨБ №12 МГӨК аға механигі Ардақ Смағұлов бастаған азаматтардың көп көмегі тиді. №2 СҚКБ, №5 СҚКБ, №1 МГӨБ, «KMG Catering» ЖШС 10-шы асхана жұмысшылары, «Мұнайфилтсервис» ЖШС қызметкерлерінің жасаған жақсылықтарын ұмытпаймын. Тас түсіріп, цемент төккен, ағаш әкеліп берген жеке кәсіпкерлер болды. Тіпті айтатын болсам, өте көп адам қол ұшын созды. Барлығына алғыстан басқа айтарым жоқ», - дейді Тамара ризашылығын білдіріп.

Тарыққанға қолдау блдірген, жабыққанға жолдас бола білген жандарға Алланың нұры жаусын дейік!



## ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АШЫҚ ТУРНИР:

### көрген де арманда, көрмеген де арманда!

**ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНЫҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ 25-26 ТАМЫЗ КҮНДЕРІ «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ДЕМЕУШІЛІГІМЕН ЖАҢАӨЗЕН СПОРТ ЖАНАШЫРЛАРЫНЫҢ, КОМПАНИЯДАҒЫ СПОРТШЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «МҰНАЙШЫЛАР ЖҮЛДЕСІ» ҮШІН ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АШЫҚ ТУРНИР ӨТТІ.**



Турнирге еліміздің түпкір-түпкірінен палуандар келді. Атап айтар болсақ, Алматы, Талдықорған, Қызылорда, Ақтөбе, Түркістанның және Маңғыстау облысына қарасты аудандардың білегінің күшіне сенген белдігі жуан жігіттері жиналды. Оған қоса маңызы мен мазмұны сай келген сынның қонақтары да аз болмады. Маңғыстау облыстық қазақ күресі федерациясының директоры Абат Өрісбаев, Маңғыстау облыстық Мемлекеттік қызмет істері департаментінің басшысы Нұргүл Жанназарова, танымал тележүргізуші Бисен Құранбек, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Жәнібек Нұғманов, Бас директордың транспорт және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров, Аппарат басшысы Бауыржан Мамбетсапаев, Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Исахан Сағынбаев қатысты.

Доданың дүбірі алыстан естілді. Палуандардың белдескені талайдың делебесін қоздырса, бәйге де ерекше болды. Өткен күндердің естелігін ала келгендей жүлдеге түйе мен жылқы, тай тігілді.

«Қазақ күресі – қазақтың рухын, тегі мен күш-қайратын көрсететін өнер десек артық емес. Өткен жылдан бері Елбасымыз Рухани жаңғыру деп белгілеп бергені қыруар жұмыстар атқарылды. Бірақ шындығында сол өткен шараларда адамдар рухани жаңғырды ма, ол беймәлім. Ал Жаңаөзенде өткен ашық турнирде жанға қуат бітті. Ата-баба ұлттық өнерінің өрісі кеңіп, бағзы дәстүр жаңғырды. Конвертке салып нарықтың «сыйлы қағазы» сыйға тартылған жоқ, белдесіп жеңген палуан түйе жетектеп, атқа мініп кетті. Бұл көріністің өзі көргенді сүйсіндірді, көңілді қуантты», – дейді жарыстың ұйымдастырушыларының бірі №5 СҚКБ механигі Жақсылық Аралбаев.

Жарыс нәтижесінде 1-орынды кудо және самбо күресінен Азияның 3 дүркін чемпионы, Еуропаның жүлдегері шетпелік палуан Бауыржан Сағынғалиұлы жеңіп алды. 2-ші жүлделі орынды Теңге ауылының палуаны Талғат Қанаев алса, 3-ші орынды Қазақстан чемпионатының жеңімпазы ақтаулық палуан Нұрлан Қайыпбергенов иеленді. Сондай-ақ 2001-2002 жасөспірімдерге топтық жарыс өтті. Онда «Маңғыстау» командасы 1-ші орын (500 мың теңге), «Ақтау-1» командасы 2-ші орын (300 мың теңге), «Ақтау-2» және «Жаңаөзен» құрамасы 3-ші орынды (100 мың теңге) ұтып алды.

Турнирдің тағы бір көнілге қонымды тұсы Жаңаөзен қаласынан шығып, Қазақстанның абыройын көтеріп жүрген бапкерлер мадақталды. Олар: А.Сегізбаев, Ж.Жарылғапов, Е.Байтөреев, М.Жәумітбаев, Қ.Сейдов, Н.Өтесінов сынды еңбегі шәкіртімен өлшенген азаматтар. Аядай қаладан мықты спортшы шығарған үздіктерге 100 мың теңге көлемінде сыйлық берілді.

Жалпы ұлттық рухты көтеріп, ұлттық спортты дәріптеген турнирдің көпшілікке бергені көп болды. Алда осындай кең көлемдегі жарыстар ұйымдастырылып тұрса, деп нұр үстіне нұр болар еді, – дейді жаңаөзендік спортшылар.



ҮЗДІК МАМАН



## Мұнай саласында МҰНАРА ЖҮР

Мұнара Тасмағанбетова - №1 Мұнай-газ өндіру басқармасында Жұмыс агентін қабатқа айдайтын сораптар станциясының машинисі. Ол 1992 жылдан бері салада қызмет атқарып жүрген білікті маман. Жуырда ол «Үздік маман-2018» байқауына қатысып, II турдан жүлделі 3-ші орныды иеленді. Қаншама жылдық еңбек тәжірибесінде сайысқа қатысуды мақсат етпеген ол бірінші рет бағын сынап тұрса да еш қобалжымағанын айтады. Керісінше жасап жүрген жұмысының қазылар алқасының алдында сынға түскенінен қанаттанған. Байқауға қатысу арқылы өз-өзіме есеп бергендей болдым, - дейді.

Мұнараға байқауда ЦНС-180/1422 насосына тығырық соғу тапсырылған. Тәжірибелік сыннан сүренбей өткен ол тест сұрақтарынан да үздік баға алған. Осылайша азаматтармен арқа тірестіре мұнай саласында қызмет атқарып жүрген Мұнара зор жетістікке қол жеткізді. Білікті маман болашақ қамы үшін бүгінгі әр адам өз мамандығын толық меңгеруі керек, - дейді ол.



**Құрметті  
Тұрарбек  
Тегісбайұлы!**

Сізді 63 жас –  
Пайғамбар жасы-  
на толуыңызбен  
құттықтаймыз.  
Сіз тек ғана ұжым-  
дастарыңыздың  
арасында емес,  
сондай-ақ бүкіл жан-жағыңызға сый-  
лы азаматсыз. Арқалаған жүгіңіз  
ауыр қатепті қара нарсыз. Үлкенге  
құрмет көрсетіп, қашанда кісілік пен  
кішіпейілділік таныта алатын тұлғасыз.  
Мұнай саласына еткен еңбегіңіз көпке  
үлгі. Осынау асқаралы жасыңызда Сізге  
зор денсаулық, мол бақыт тілейміз.  
Отбасыңыз аман, қуанышыңыз көп  
болсын!

**Ізгі тілекпен:  
№2 МГӨБ ұжымы**

**Аяулы  
Тулнар  
Қартбайқызы!**

Жаны нәзік, жүрегі  
жұқа әйел заты үшін  
шыққан әр жасы – бір  
белес. Сіз өмірге келгелі 50-ші  
белесті бағындырып отырсыз.  
Жаңа жасыңыз құтты болсын!  
Адам әр қырқаға көтерілген сай-  
ын оған денсаулықтың қадірі де  
соғұрлым артады. Сізге біріншіден  
зор денсаулық, қажымас қайрат  
тілейміз. Қара алтын өндірісіндегі  
еңбегіңіз еселене берсін. Абырға  
білгіңіз аласармай, бақытты әйел  
болыңыз!

**Ігі тілекпен:  
№4 МГӨБ ұжымы.**



СПАРТАКИАДА

## СПОРТШЫ-МҰНАЙШЫЛАР

27-29 тамыз күндері Астанада мұнай-газ өнеркәсібі қызметкерлері күніне орай «ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК компаниялар тобының дәстүрлі Спартакиадасы өтеді. Елоардадағы жарысқа «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамынан 46 спортшы, 4 жаттықтырушы мен 3 өкіл аттанды. Оларды компанияның бас директоры Ж. Нұғманов, кәсіподақ ұйымының төрағасы Н. Сақтағанов және бірнеше департамент мамандары ақ жол тілеп шығарып салды.

## ЖАРЫСҚА АТТАНДЫ

Өзенмұнайгаздықтар спартакиададағы спорттың 8 түрі - шағын футбол, баскетбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат, армреслинг, тоғызқұмалақ және жүзуден бақ сынайтын болады.

Бұл спартакиададан компания мамандары жеңімпаз танылатын болса, «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының ақтық сайыстарында «ҚазМұнайГаз» намысын қорғайтын болады.

## АЛМИРАНЫҢ АЛАР АСУЫ АЛДА

МҰНАЙШЫНЫҢ БАЛАСЫ ЖЕҢІМПАЗ

Газетіміздің осы санындағы «Мұнайшының баласы жеңімпаз» айдарының кейіпкері – №2 МГӨБ-тің қызметкері Қанат Ғиззатжановтың қызы Алмира Қанат. Жаңаөзеннен шыққан кіп-кішкентай спортшының жетістігі ұшан-теңіз.

Алмира 2006 жылы Қанат пен Жанардың отбасындағы үшінші сәби болып өмірге келді. Тілі шығып, қаз басып бастағаннан өзге балалардан ерекшелене берді. Анасы бұл қылығын байқап Алмираны би үйірмесіне жетелеп апарды. Алайда нәзік өнерге кішкентай қатысушы бой үйрете алмайды. Сондықтан оны Жанар тазквандо спортының дайындық залына алып барады. Сол сол-ақ екен, Алмира құлашын кеңге жайып, биікке өрмелей бастайды. Көзінде от ойнап, жаттығуға асығады. Алғашқы жаттықтырушысы Зүлфия Алланиязова Алмираның ұмтылысын аңғарып, жарыстарға шығара бастайды. Ұстаздың үкілеген үміті Астана қаласында 2 маусым 2017 жылы өткен ҚР чемпионатының 32 кг салмақта жеңімпазы атанады. Одан соң кішкентай жұлдегер Ақтау қаласында Қуанғали Дастанұлынан спорттың бұл түрінің қыр-сырын үйренуді жалғастырады. Одан соң Оңтүстік Кореяда (Чеджу қаласында) өткен 12-13 жас аралығындағы жеткіншектер арасындағы «JEU KOREA OPEN G-2 2018 INTERNATIONAL CHAMPIONSHIPS» халықаралық турнирінде чемпион болып оралады. Баланың жеңіс жолындағы қадамдарына тілекші ата-ана биыл оны Қажымұхан Мұнайпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжіне оқуға тапсыртады. Бұрынғы жетістіктеріне қарай Алмира Астанадағы белді оқу орнына қиындықсыз қабылданады.

Қыз баланың мұндай спорт түрімен айналысқанына әкесі қалай қарайды? деген сауалымызға анасы «Әкесі Алмираны қолдайды. Әрқашан жетістіктеріне қуанып отырады. Демеушісі де, қамқоршысы да, қолдаушысы да – әкесі. Сондықтан қызымыздың өрісі кең, жеңісі көп болады деп ойлаймын», – дейді.

Алдына нақты мақсат қойған Алмира алар асуының алда екеніне сенеді. Өйткені арманы асқақ: қазақ елін күллі әлемге таныту. Үлкен мақсаттармен соққан кішкентай жүректің лүпіліне үн қостық. Алмира Қанатқызына сәттілік тілейміз.

